

# Оңтүстік Африка елдері






**Намибия**



**Свазиленд**



**Ботсвана**



**Зимибабве**



**Лесото**



**Мадагаскар**



**Мозамбик**



**ОАР**





# Намибия



Намибия Республикасы – Африканың оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан мемлекет. Жер аум. 825,4 мың км2. Халқы 1,9 млн. (2004). Тұрғындарының 86%-ы жергілікті тайпалар (овамбо, каванго, гереро, дамара, т.б. этн. топтар), 6%-ы еуропалықтар, қалғандары түрлі ұлт өкілдері.Астанасы – Виндхук. Ресми тілі – ағылшын тілі. Мемлекет басшысы – президент. Жоғарғы заң шығарушы органы – екі палаталы парламент (Ұлттық ассамблея, Ұлттық кеңес). Халқының көпшілігі – христиандар, қалғандары жергілікті наным-сенімдерді ұстанады. Ұлттық мерекесі 21 наурыз – Тәуелсіздік күні. Ақша бірлігі – намибия доллары.





# Свазиленд



| Ресми атауы | Свазиленд Корольдігі |
|---|---|
| Астанасы | Мбабане |
| Әкімшілік бөлінісі | 4 округтен тұрады |
| Көлемі | 17 400 км$^2$ |
| Халқы | 1,1 млн. адам |
| Мемлекеттік тілі | ағылшын, свази тіл |
| Діні | христиан дінін ұстанушылар және жергілікті |






# БОТСВАНА



**Ботсвана Республикасы** — Оңтүстік Африкада орналасқан мемлекет. Жері — 600,4 мың км². Халқы — 1,6 млн. (1997). Астанасы — Габороне (139 мың). Ресми тілдері — ағылшын, сетсвана тілдері. Тұрғындары христиан және жергілікті діни нанымдарын ұстанады. Байырғы халқы: тсвана, бушмен, бегуан, херeро, т.б. тайпалар. Мемлекет басшысы — президент. Заң шығарушы органы — бір палаталы Ұлттық жиналыс. Кеңесші орган ретінде көсемдер палатасы жұмыс істейді.






# Зимбабве



Зимбабве Республикасы – Оңтүстік Африкада орналасқан мемлекет. Замбиямен, Мозамбикпен, Ботсванамен және Оңтүстік Африка Республикасымен шектеседі. Жер көлемі – 390,8 мың км$^2$. Халқы – 12,6 млн. адам (1998). Негізгі тұрғындары – африкалықтар (шона, матабеле, тонга, т.б. халықтар), 100 мыңға жуық еуропалықтар да тұрады. Ресми тілдері: ағылшын, шона тілдері. Халқының көпшілігі (60%) дәстүрлі діни сенімдерін, кейбір бөлігі (30%) христиан дінінің католик тармағын ұстанады. Астанасы – Хараре қаласы (1,4 млн. адам). Ел 8 провинцияға бөлінеді.

Зимбабве – президенттік республика. 1980 жылы қабылданған Конституциясы (кейін ішінара түзетулер енгізілген) бойынша жалпыхалықтық сайлауда 6 жылға сайланатын президент Мин. Каб-н тікелей өзі басқарады (1987 жылы Р. Мучабе). Заң шығарушы орган – бір палаталы Ұлттық ассамблея 150 депутатта тұрады. Олардың 120-сын халық сайлайды, 12-ін президент тағайындайды. Бұған қоса провинцияларды басқаратын 8 губернатор мен 10 тайпа көсемі парламент мүшесі болып табылады. Ұлттық мерекесі – 18 сәуір (Тәуелсіздік күні). Ақшасы – Зимбабве доллары






# ЛЕСОТО

**Лесото**— Африканың оңтүстігіндегі мемлекет (1966 жылға дейін Басутоленд деп аталды).

Жер аумағы 30,35 мың км². Халқы — 2,6 млн. (2002). Этникалық құрамының басым бөлігін басуто халқының өкілдері (79%) құрайды. Астанасы — Масеру каласы Ресми тілдері — ағылшын және сесуто. Халқының 42%-ы протестанттар, 38%-ы католиктер, қалғандары әр түрлі діни сенімдерді ұстанады. Мемлекеттік құрылысы — конституциялық монархия (*корольдік*). Заң шығарушы органы — Сенат және Ұлттық Асссамблеядан тұратын қос палаталы парламент. Атқарушы билікті премьер-министр бастаған үкімет жүргізеді. Ұлттық мейрамы — Тәуелсіздік күні — 4 қазан (1966). 1966 жылдан БҰҰ-на және Африкалық Бірлік ұйымына (ОАЕ) мүше. Ақша бірлігі — лоти









# МАДАГАСКАР



**Мадагаскар**, **Мадагаскар Республикасы** — Үнді мұхитындағы Мадагаскар мен оған жақын ұсақ аралдарда орналасқан мемлекет.

- Халқы 16,4 млн. (2003), негізгі тұрғындары малагасийлер (98%). Арал тұрғындарының жартысына жуығы жергілікті діни сенімдерді ұстанады (45%), қалғандары христиандар (40%) мен мұсылмандар (15%).
- 1993 ж. қабылданған конституциясы бойынша елді президент басқарады.
- Заң шығарушы органы — екі палаталы парламент (ұлттық жиналыс пен Сенат).
- Әкімшілік жағынан 6 провинцияға бөлінеді.
- 1960 жылдан БҰҰ-на, 1963 жылдан Африка Бірлігі ұйымына (АБҰ) мүше.






# Мозамбик



**Мозамбик Республикасы** — Оңтүстік-Шығыс Африкада орналасқан мемлекет. Жер аумағы 801,6 мың км². Астанасы – Мапуту қаласы Халқы – 19,1 млн. Тұрғындарының 47%-ын макуа-ломве, 23%-ын тсонга, қалған бөлігін малави, шона, яо этн. топ өкілдері құрайды. Ресми тілі – португал тілі, макуа, малави, тсонга, шона, суахили тілдері де кең таралған. Халқының 30%-ы христиандар, 10%-ы мұсылмандар, 60%-ы жергілікті діни сенімдерді ұстанады. Мозамбик әкімшілік жағынан 11 провинцияға бөлінеді. Мемлекет басшысы – президент. Жоғарғы заң шығарушы органы – бір палаталы Республика ассамблеясы. Жоғары атқарушы органы – үкімет. Ұлттық мейрамы – Тәуелсіздік күні – 25 маусым (1975). Мозамбик 1975 жылдан БҰҰ-ға, Африка Бірлігі ұйымына (АБҰ) мүше. Ақша бірлігі – метикал. Әкімшілік жағынан 11 провинцияға бөлінеді. Ресми тілі - португал тілі, сондайақжергіліктіхалықтардың макуа,малави, тсонга,шона, суахили тілдері де кеңінен қолданылады. . Жоғары заң шығарушы органы бір палаталы парламент - Республика ассамблеясы. Жоғары атқарушы органы - Үкімет.





# ОАР

**Оңтүстік Африка Республкикасы** (африк. Republiek van Suid-Afrika; қысқаша **ОАР**) – Африка континентінің оңтүстік жартысындағы мемлекет.

ОАР солтүстікте – Намибия, Ботсвана және Зимбабвемен, ал солтүстік-шығыста – Мозамбик және Суазиленд елдерімен шектеседі. ОАР-дың ішінде Лесото ел-анклавы орналасқан. ОАР Африканың көпұлтты мемлекеттердің қатарында. Ұлттық мейрамы – 27 сәуір – Бостандық күні (1994). БҰҰ-ның (1945), Африка Бірлік Ұйымының (ОАЕ) мүшесі (1994).[1]

ОАР – ядролық қаруды жасап, одан өз еркімен бас тартқан ел.






Хаге Гейнгоб



Мсвати III



Ян Кхама



Роберт Мугабе



Летсие III



Марк Равалуманана



Гебуза



Джейкоб Зума

# Назарларыңызға рахмет!